

MFTAP16.21.07

А.Б. Салқынбай¹, Ұ.Ұ. Анарбекова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы

ЖАҢА ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИІ АҚЫМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖОЛЫМЕН

Тарихқа көз салсақ қазақ ұлттық әліпбиі алғаш 1912 жылы жасалды. Оған дейін қазақ халқы араб графикалы жазуды бірнеше ғасыр қатар қолданып келді. Жиырмамыншы жылдың басында қазақтан шыққан ағартушы ғалым, қазақ жазуының реформаторы Ақымет Байтұрсынұлы қазақ тілінің табиғи заңдылықтарын сол кезде қолданып келген жазу нақты көрсете алмайтынын түсініп, 1912 жылы «Тіл-құрал» деп аталатын еңбегін жазды. Бұл жазу «қазақтың тұңғыш ұлттық жазуы» атауына ие болды.

Қазақ елі араға ғасыр салып қазақ ұлттық әліпбиін жасау мәселесіне қайта оралып отыр. Бұл жолы мәселе елдің жарқын болашағы үшін лайықты оң шешімін табады деп күтілуде. Оған себеп – Қазақстан Республикасының ешкімге бағынбайтын егеменді ел екендігі. 1993 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының сол кездегі президенті, академик Әбдуәлі Қайдар қазақ тілші ғалымдарымен бірге талқылаудан кейін, латын әліпбиі туралы, қазақ жазуын латын графикасына ауыстыру жайлы ұсыныстарын жазып, Елбасына хат жолдады. Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия 2017 жылы 14 қарашада құрылып, түрлі әліпби жобалары қаралымға ұсынылды. Дегенмен, әліпбидің нақты нұсқасы әлі бекітілмеді.

Бұл мақалада қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым Ақымет Байтұрсынұлының жасаған алғаш қазақ ұлттық әліпбиі зерттеліп, жасалу жолдары талданады. Сонымен қатар елбасына жазылған ашық хатта көрсетілген латынға көшудің негізгі себептері мен ұсыныстар да қарастырылады. Әрі латын графикасына көшу мәселесі қай деңгейде тұрғандығы зерделенеді.

Кілт сөздер: қазақ ұлттық жазуы, әліпби, емле, оқу құрал, Ақымет Байтұрсынұлы

КІРІСПЕ

Жазу жеке ғылым ретінде әлем тіл білімі саласында өз орнын ресми түрде 1950 жылдары алғанымен, ол кезге дейін де зерттеліп келген сала. Әр ұлтта өз жазуын, тілін зерттеп, маңызды еңбектер қалдырған ғалымдар аз болмады. Қазақ жазуына ден қойылып, тың еңбектер жазылған уақыт ХХ ғасырдың басы мен ортаңғы тұсы болды. Әлихан Бөкейханов, Ақымет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедов, Телжан Шонанұлы, Елдес Омаров, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Нәзір Төреқұлов, Құдайберген Жұбанов, Сәрсен Аманжолов, Нығмет Сауранбаев сынды қазақ ағартушылары қазақ тілі үшін, соның ішінде қазақ жазуы үшін де алаңдап, ерен еңбектер қалдырды.

Қандай да бір тілдің жазуы жайлы айтқанда, сол тілдің әліппесі, графикасы, орфографиясы, тыныс белгілері, мағына сөз етіледі. Жазумен мағына қатар жүретіні белгілі. Мағынасыз құр жазудың суреттерден айырмашылығы болмақ емес. Өткен ғасырда қазақ жазуында елеулі өзгерістер болды. Оның басты үшеуін атаған жөн:

- ✓ Қазақ ұлттық әліпбиі жасалды (1912);
- ✓ Қазақ әліпбиі араб графикасынан латын графикасына өзгерді (1929);
- ✓ Қазақ жазуы латын графикасынан кирилл графикасына көшті (1940).

Қазақ жазуына қатысты бұл тарихи оқиғалардың орын алуы заман талабына сай болды деп те қабылдайтындар бар. Дегенмен, егеменді ел атанып, өз тарихымызды еркін зерттеуге мүмкіндік алған заманда, бұл өзгерістердің мақсатты түрде жүргізілген үлкен саясаттың жемісі екенін түсінеміз.

Тарихқа көз салсақ қазақ ұлттық әліпбиі алғаш 1912 жылы жасалды. Оған дейін қазақ халқы араб графикалы жазуды бірнеше ғасыр қатар қолданып келді. Жиырмасыншы жылдың басында қазақтан шыққан ағартушы ғалым, қазақ жазуының реформаторы Ақымет Байтұрсынұлы қазақ тілінің табиғи заңдылықтарын сол кезде қолданып келген жазу нақты көрсете алмайтынын түсініп, 1912 жылы «Тіл-құрал» деп аталатын еңбегін жазды. Сонда араб графикасын пайдаланып қазақ тілінің дыбыстарын толық беретін әліпби жасап шықты. Бұл әліпбиде әр дыбысқа жеке таңба берілді. Ал, жіңішке дыбыстарға дәйекші белгісі қойылды. Сол арқылы әліпбидегі таңбалар санын 43-тен 25-ке қысқартты. Бұл шешім сол кез үшін жоғары деңгейде табылған жаңалық болды. Е.Д. Поливанов, Н.Ф. Яковлев сынды орыс ғалымдары бұл шешімді математикалық формула арқылы қарастырып дұрыс екенін таңғалып та, тамсанып та айтты. Қазіргі таңның өзінде бұл шешімнің оңтайлы болғанына ешкімнің дауы жоқ. Бұл жазу «қазақтың тұңғыш ұлттық жазуы» атауына ие болды.

Қазақ елі араға ғасыр салып қазақ ұлттық әліпбиін жасау мәселесіне қайта оралып отыр. Бұл жолы мәселе елдің жарқын болашағы үшін лайықты оң шешімін табады деп күтілуде. Оған себеп – Қазақстан Республикасының ешкімге бағынбайтын егеменді ел екендігі. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін 1991 жылы алды, ал 1993 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының сол кездегі президенті, академик Әбдуәлі Қайдар қазақ тілші ғалымдарымен бірге талқылаудан кейін, латын әліпбиі туралы, қазақ жазуын латын графикасына ауыстыру жайлы ұсыныстарын жазып, Елбасына хат жолдады. «Бұл ойлануға татитын мәселе, мамандар шұғылданып, маған нақты ұсыныспен шықсын» деген жауап алғаннан бері, бұл тақырып тұрақты түрде араға уақыт салып сөз болып отырды. Елбасы 2006 жылы 24 қазанда Астана қаласында өткен Қазақстан Халықтар ассамблеясының XII сессиясында Қазақ әліпбиін латынға көшіру жайлы сұраққа қайта оралу керек екенін айтып, мамандардың жарты жыл ішінде осы сұрақты зерттеп, талқылап, нақты ұсыныстармен келуін тапсырды [1, 1]. 2012 жылы «Қазақстан-2050» стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісеміз» деп мәлімдеме жасады [2, 1]. 2013 жылы латын графикасына көшу жайлы ұлттық комиссия құрылатыны жайлы хабар берілді. Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия 2017 жылы 14 қарашада құрылып, № 153 өкіммен бекітілді [3, 1].

2018 жылы 19 ақпанда ҚР Президенті жарлығымен жаңа әліпби бекітілді. Бекітілген әліпби ақут әліпбиі деп аталады. ҚР президентінің тапсырысымен бұл әліпби әлі де жетіле түсуі қажет. Енді осы жағдайда әліпбиді ғана өзгерту жеткіліксіз екенін айтып, жазу реформасы қажет деген ұсыныстар да айтылып та, жазылып та жүр. Тілші-ғалым Әлімхан Жүнісбек жазу әліпби, таңба және емле-ережеден құралатынын айтады. Мұндағы әліпби – тілдің дыбыс құрамы болса, таңба – дыбыстың қауызы, ал емле-ереже – әліпби мен таңбаның ұлттық дәнекері деп анықтама береді ғалым. «Жазу реформасы деген осы үш мәселенің кешенді шешімін тауып беруі керек. Сонда ғана төл ұлттық әліпби қалыптасады» деп пікір айтады [4, 3].

Бұл мақалада қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым Ақымет Байтұрсынұлының жасаған алғаш қазақ ұлттық әліпбиі зерттеліп, жасалу жолдары талданады. Сонымен қатар елбасына жазылған ашық хатта көрсетілген латынға көшудің негізгі себептері мен ұсыныстар да қарастырылады. Әрі латын графикасына көшу мәселесі Ақымет Байтұрсынұлы жолымен жүргенде қай деңгейде тұрғандығы зерделенеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ жазуының реформаторы Ақымет Байтұрсынұлы өзінің әліпби тақырыбындағы баяндамасында әліпбиге «*Әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы*» деген анықтама береді [5, 4]. Яғни, адам баласының ешкімнің ешкімге кедергі келтірмей толық құқықтары қорғалған бір-біріне бағынышты болмайтынындай әрқайсысының өз кең сарайы болатынындай мекен жұмақ болса, дәл сондай жолмен дыбыстардың да өз кең сарайлары – таңбаларының жұмақтай мекені – әліпби екенін

әдемі салыстырып жеткізген. Бұл дегеніміз, жұмақта әр адамның өзінің керемет дайындалған толыққандыәсем орны болатындай, әліпбидегі таңбалар да әр дыбысқа толыққанды орын беріп тұруы абзал екен. Әрмен қарай ғалым жақсы әліпбидің қасиеттеріне тоқталады. Ғалымның айтуы бойынша әліпби жақсы болуы үшін мынадай қасиеттерге ие болуы шарт:

1. *«Жақсы әліпби тілге шақ болу керек»* [5, 4]. Бұл қасиетті ғалым қарапайым киімді мысалға келтіру арқылы түсіндіреді. Адамға кең киім бойына дұрыс жуыспай, қолбырап тұратынындай, әліпбидегі әріптердің басы артық болуы киімнің кеңдігіндей қолайсыздық тудыратынын айтады. Ал керісінше тар киім болса, ол да тәнді құрыстырып, тырыстырып тұрады. Дәл сол секілді әрпі кем әліпби де тарлық жасап, қолайсыз болатынын жеткізеді. Сол үшін де жақсы әліпби адамға киім шақ болуы керек болғанындай тілге шақ болуы керек екен.

2. *«Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс»* [5, 4]. Мұнда ғалым әліпбидегі таңбалардың суреттері күрделі, мүшелері көп болса, оларды сызып, жазып отыруға да ұзақ уақыт кететінін айтады. Расында, бұл жағдайда оларды үйрену де оңайға соқпаса керек деп білеміз.

3. *«Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болу тиіс»* [5, 4]. Ғалым әріпі тізгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын әліпбидің баспа сөзді жеңілдететінін айтады. Яғни, бұл жерде ғалым әліпбидің техникалық тұрғыда қолайлы болуы шарт екеніне де мән беріп отыр.

4. *«Жақсы әліпби үйретуге де қолайлы болуы тиіс»* [5, 4]. Мұнда ғалым әрпі сара жазуға оңай, баспасымен жазбасының суреті жақын әліпби үйретуге жеңіл болатынын айтып, әліпбидің методологиялық жағына да ерекше мән беріп отыр.

Ақымет Байтұрсынұлы *«Жақсы әліпбиге ылайық бұл төрт сыпатқа келмейтұн әліпбилердің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ. Тұтынып жүрген түрік әліпбиін бұлдағанымызда да, басқа әліпбиді бұлдағанымызда да, осы төрт сыпат жағынан қарап бұлдауымыз керек»* деп пікір білдіреді [5, 5]. Яғни, кирил графикалы болсын, латын графикалы болсын кез келген әліпби осы аталған негізгі 4 сыпатқа сай келгені абзал екен. Сонда ғана кемшіліксіз әліпби болмақ.

Ақымет Байтұрсынұлы әліпби қазақтың тәжірибесіне бағынбайтын дүние емес екенін тілге тиек ете келе, *«Это (алфавит) есть не больше, не меньше, как комплект знаков, изображающих основные элементы речи. Чем легче, чем полнее передаются эти элементы речи тем лучше алфавит»* [6] деп сөйлеудің негізгі элементтері оңай болған сайын, әліпби де жеңіл болатынын айтады. Ғалым өзінің баяндамасында әліпбиден не талап етіледі деген сұрақ қойып, *«от алфавита требуется, чтобы он хорошо передавал звуки и в техническом отношении был удобен»* [6] деп жауап береді. Мұнан ұғарымыз, әліпби дыбыстарды дұрыс жеткізуі тиіс әрі техникалық тұрғыдан ыңғайлы болуы шарт.

Ақымет Байтұрсынұлының еңбектерін оқи отырып әліпби жасау жолында үш сатыдан өткенін көреміз [7]:

1. *Қолданыстағы жазудың кемшілігін тауып, ашып көрсетті.*

2. *Алдымен жазу тәртібін түзеу керектігін айтып, өзінің жазу тәртібін халыққа ұсынды.*

3. *Жөнменен құрал сайлау керектігін міндет етіп, сол міндетті орындады.*

Қолданыстағы жазудың кемшіліктері. Ғалым өзінің «Жазу тәртібі» деп аталатын мақаласында қазаққа оқудың керектігі даусыз екенін алға тартып, оның екі түрі бар деп көрсетеді: мұсылманша оқу, русша оқу (орысша оқу-авторлар). Орысша оқудың ұзақ уақытты талап ететінін ескерте келіп, қазақша білім алу керектігін тілге тиек етеді. Ал, қазақша оқу деген сол күнгі мұсылманша оқу еместігін, ол жолдың *«бұрғалақ-жырғалағы»* көп екенін, бұған да орысша оқыған секілді уақыт кетіп қалатынын салыстырып көрсетіп, қазақ тілінде дұрыстап хат тануға небәрі бір-екі-ақ жыл кететінін айтады. Сол кезде ноғай, түрік, фарсы, араб тілінде жазылған кітаптар аралас оқытылып, баланың миын ашытып, оқуды күрделендірді. *«Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арнаған белгіміз жоқ; бір белгіменен әлде неше түрлі дыбыстарды жазамыз»* [7] дей отырып, ««о -*و*» жазамыз бес түрлі дыбысты, «ы-*ع*»-менен жазамыз үш түрлі дыбысты» деп мысал келтірді. Осылайша

ғалым бірдей жазылатын сөздерді балаға әр түрлі оқыту зорлық болатынын айтады. Сонымен қатар, ғалым сол кездегі мынадай негізгі кемшіліктерді атайды [7]:

- *Әркім әртүрлі жазады. Бір жөнменен жазылатын жазу жоқ.*
- *Жазғанымыздың қате я дұрыстығын айырарлық емле жоқ.*
- *Оның жоқтығы қазақ тіліндегі дыбыстарға ашып арнаған қаріптер жоқ.*

Осындай кемшіліктерді тізіп көрсетіп, олардың байыбына барып, қазаққа жаңа жазу қажет екенін түсінді. Ол жазудың дұрыс не бұрыстығын ажыратып көрсететін емле қажет екенін, ал емле болу үшін алдымен қазақ дыбыстарына әріптер керек екенін ашық көрсетті. Яғни, алдымен қазақ дыбыстарына әріп арнау – жаңа әліпби жасау деген сөз. Сол кездегі араб графикасының қазақ дыбыстарын толық жеткізе алмайтынын ескеріп, әріптің тіл үшін шығарылғанын айтып, «*қарпі жоқ деп тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ қаріпті іздеп табарға керек*» [7] деген тұшымды пікір айтып, қазақ ағартушылары алдына нақты тапсырма қойды. Бұлай жасау тек бізде ғана емес, өзге жұрт та солай жасайтынын, яғни бұл жағдайдың қалыпты екенін жеткізеді. Кемшіліктер нақты белгілі болған соң, оларды реттеу жолындағы жұмыс айқын болмақ. Сонымен қатар оқу құралының да жанды қинамайтын, жеңіл әрі түсінікті болуға тиіс екенін айтып, сол жолда қызмет етті.

Жазу тәртібін ретке келтіру. Ғалым жұмысын қазақ тілінің төл дыбыстарын анықтап, оларға өзінің айтуыбойынша «жазу белгілерін», яғни әріптерді табудан бастады. «Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты.

Дауысты дыбыстар: *ا (а), و (о), ؤ (ұ), ي (ы), ة (е).* Дауыссыз дыбыстар: *ب (б), پ (п), ت (т), ج (ж), چ (ш), د (д), ر (р), ز (з), س (с), غ (ғ), ق (қ), ك (к), گ (г), ث (н), ل (л), م (м), ن (н).* Жарты дауысты дыбыстар: *ؤ (у), ي (й)*» [7].

Ғалымның түсіндіруі бойынша, енді осы дыбыстардың ішінде үнемі жуан (к, ғ), үнемі жіңішке айтылатындары бар (к, г, е). Қалғандарының жіңішке, жуан нұсқалары бар. Қалған 19 дыбыстың әрбірін жуан, жіңішке етіп жазып отырсақ, 38 әріп керек болады, оған қалған 5 дыбыс таңбасын қоссақ бар жоғы 43 әріп керек болады екен. Араб әліппесінде онша әріп жоқ болғандықтан, ғалым жіңішкелікті білдіретін арнайы белгі «*ʿ*» – дәйекшіні енгізеді. Сол арқылы әліппедегі әріптер санын азайтты. Бұған себеп болғаны, дауыссыз дыбыстардың дауысты дыбыстарға бағынатындығы. Бұл дегеніміз, дауысты дыбыс жуан болса, сөздегі дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақ, ал егер дауысты дыбыстар жіңішке болса, дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақ. Бұл тек қазақ тіліне тән дүние болса керек. Себебі, қазақ тілі сингармониялық тіл. Бұл шешім сол кез үшін жоғары деңгейде табылған жаңалық болды. Е.Д. Поливанов, Н.Ф. Яковлев сынды орыс ғалымдары бұл шешімді математикалық формула арқылы қарастырып дұрыс екенін таңғалып та, тамсанып та айтты. Қазіргі таңның өзінде бұл шешімнің оңтайлы болғанына ешкімнің дауы жоқ. «Дауысты дыбыстарымыз: а-о, ۱-۲, ۳-۴-лардың жіңішке айтылуы үшін алатұғын белгіміз мына «*ʿ*» (знак предупреждающий), бұл белгі дәйекші болып сөздің алдына қойылады» дейді ғалым. Сол белгі арқылы сөздер толығымен жіңішке оқылды.

Ғалым *ي (ы)* дыбысына тура келетін араб әліппесінде әріп жоқ екенін айтып, араб графикасындағы *ي* таңбасын нүктесіз «*۱*» белгісін алады. Яғни, осылай қазақта бар дыбысқа жаңа әріп арнайды. Осы секілді араб графикасында жоқ *۲, ۳, ۴, ۵, ۶, ۷, ۸, ۹, ۱۰, ۱۱, ۱۲, ۱۳, ۱۴, ۱۵, ۱۶, ۱۷, ۱۸, ۱۹* дыбыстарына жаңа таңба арнайды.

Сонымен қатар араб, парсы тілдерінен еніп қазақтың өз сөзіндей болып кеткен сөздерді қазақ тілінде қалдыру керек пе, әлде қуып шығарамыз ба дегенде, өзінің сақтау жағында екенін айтады. Басқа тілдерде де тілге ыңғаланған сөздерді сақтайтынын айтып, ойын негіздейді. Ондай сөздерге араб тілінің адал-халал, арам-харам, әл-хал сөздері, парсы тілінің ән-аһн, қожа-хожа сөздерін мысалға келтіреді.

Ғалым әліпби әріптерін, жазу тәртібін осылай ретке келтірді. Сынап пікір жазғандар болғанымен, сол кезде жалпы халық та, ағартушылар да мойындап, қолданысқа енген әліпби осы болды. Бұл әліпби «қазақтың алғашқы ұлттық әліпбиі» атауына ие болды.

Жөнімен сайланған құрал. Қолданыстағы жазудың кемшіліктері айқындалып, жазу тәртібі ретке келгеннен кейінгі іс құралдың өзін жасау еді. Ғалым бұл істе де аянып қалмады.

«Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап» [7] дей отырып, балаларға арналған оқу құралының маңыздылығын, оның үйренгенге жеңіл болуы шарт екенін түсіне отырып, «Тіл – құралын» сәтті дайындап шықты. Әріптер ретін де бұл құралға ерекше ретпен орналастырды. Әлиф, бә, тә деген әліпбидегі реті бойынша емес, әлиф, ро, зә секілді сөз құрау мүмкіндіктері мен жиіліктері басым әріптерден бастап үйретуді негізге алды. Соңынан түрлі жаттығулар мен қайталау тапсырмалары да болды. Бұл тіл құрал латын графикалы әліпби енгенге дейін қолданысын жойған жоқ. Тіпті, қазіргі таңның өзінде қытай қазақтары осы «төте жазуды» пайдаланады. Демек, арада бір ғасыр өтсе де қолданыстан түспеген бұл құралдың расында, жөнімен жасалғанының дәлелі болса керек.

Қазіргі таңда жаңа ұлттық әліпби жасау үдерісі қалай жүзеге асып жатқанына тоқталайық. Ең алғаш жаңа ұлттық әліпби керек деген ұсыныс түскенде себебін білу міндетті іс. Әдетте қолданыстағы әліпбидің кемшілігі болса, тіл дыбыстарын жақсы бермесе әліпби ауыстырып жатады. Ал қазақ елінің бұл шешімге келуіне не себеп болды?

Бұл сұрақтың бастапқы жауабы академик Әбдуәлі Қайдардың 1993 жылы ҚР бірінші президентіне жазған ашық хатында көрсетілген. Академик маңызды деген сұрақтарды қойып, соларға жауап береді. Ғалым «жарты ғасырдай қолданыста болып, етене үйренісіп кеткен кирил жазуын латын әліппесімен алмастырудың қандай қажеті бар?» деген сұрақ әрдайым бірінші қойылатынын айтады. Бұл сұраққа бір сөзбен жауап берудің оңай емес екенін, бұл тақырыптың тіл саясатына ғана емес, ел экономикасына, демографиялық жағдайға, әлеуметтік, демократиялық үрдіске де байланысы бар ауқымды екенін айтады. «Біріншіден, басқа туыстас түрк халықтары латын жазуына көшіп жатқанда, қазақтардың олардан бөлектеніп, бұрынғы жазумен жалғыз қалып қоюы – бүкіл түрк қауымдастығынан, олардың рухани, мәдени өмірінен шеттеумен, қол ұзумен бара-бар» [8, 29] деп, әлекіншіден, кирил жазуы өткен елу жыл ішінде ұлттық мәдениет пен ғылым-білімді біршама дамытуға негіз болса да, бірақ ол дүниежүзі түрк қауымдастығын былай қойғанда, тіпті бұрынғы КСРО-да жасайтын отыз шақты түрк халықтары мен ұлыстарының басын біріктіре алмағанын, керісінше, олар, бұл жазудың кейбір «ерекшеліктеріне» байланысты, бірінің жазғанын бірі еркін оқып түсіне алмайтындай жағдайға жеткенін, жатырқай түскенін тілге тиек етеді.

Академик «кирил жазуының қазақ және басқа да түрк тілдері үшін жекебасының қандай кемшіліктері байқалып келді?» деген сұрақтыңда жиіқойылатынын айтып, негізгі үш кемшілігін көрсетеді:

1. «Қазақ және басқа түрк тілдері бұл жазу арқылы өзіндік табиғи ерекшеліктерін (дыбыс құрамын, буын жүйесін, үндестік заңын т.б.) емін-еркін дамыта алмады; соның салдарынан тіліміздің ауызша айту (орфоэпиялық) нормасы мен жазу емлесі (орфографиясы) арасында жер мен көктей алшақтық пайда бола бастады; білімділер көп болса да, сауаттылар аз» [8, 30] дейді. Мұның бәрі тілдің табиғи болмысына ғана емес, сол тілде сөйлеуші жас ұрпақтың болашағына да зор нұқсан келтіре бастағанының да айқын екенін, тілдегі экологиялық құбылыстың бір көрінісі осыған байланысты болып отқанын айтады.

2. «Қазақ тілі үшін қажетті небәрі 26-28 әріптің орнына 42 таңбадан тұратын кирил алфавитін меңгеру, пайдалану қазақ балалары үшін өте ауыр. Ал соншама басы артық таңбалардың алынуы о бастанақ ұлт тілдерінің мүддесін қарастырудан, қайткенде де қазақтарды орыс тіліне жақындатудың қам-қажетінен туған іс еді» [8:30] дейді академик.

3. «Қазақ тіліне тән 9 фонеманы – (ә, ө, ұ, ү, і, қ, ғ, ң, һ) – жеке-дара таңбалай алмағандықтан, қосымша «жал-құйрық» жасап, әуре болып жүргенде, қазақ тілінің өз басына қажеті жоқ – (в), (ё), (у), (ф), (х), (ц), (ч), (ш), (ь), (ь), (э), (ю), (я) – соншама басы артық таңбалардың қолданылуы жазу жүйесін қиындатпаса, оңайлатқан жоқ. Бұл – мәселенің тек бір-ақ жағы. Оның екінші жағы тағы бар: қазақ тілі сияқты басқа туыстас түрк тілдері де аталмыш 8-9 («түріктік») фонеманың таңбасын біркелкі емес, әртүрлі қылып «құйрық-жал» шығарып, өзінше қолданып, өзара жақындаса алмай келгендігін саяси

тілде: «бөліп ал да, бөлішектен билей бердің» нәтижесі деп те түсіндіріп жүр» [8, 30] деп үш негізгі себебін көрсетеді. Мәселенің бұл жағын тарихқа қалдырып, болашағы зор, ұзағынан сүйіндірер ұлттық жазуымыздың тағдырын түбегейлі шешетін тарихи сәт келгенін және оны түрк қауымымен бірлесе отырып, бүгін шешпесек, ертең кеш болып, уақыт өткен сайын ол қиындай түсуі ықтимал екенін жеткізеді.

Бұлашық хатта академик түркі халыққа ортақ 34 әріптен тұратын әліпбиден қазақ тіліне 28 таңбаны ұсынады. «Бұл әріптердің ішінен екеуін – (Әә) мен *taw, jaw, suw, buw, ruw, juwan, diw*тан сияқты сөздерде кездесетін дауыссыз (*Ww*)-ның қазақ тілі үшін қажеттігін дәлелдеп, әліппе жобасына енгізсек те, дәл осы принцип бойынша (*Oo*)-ні, (*Өө*) түрінде қабылдата алмаған едік» [8, 34] дей отырып, бұл секілді мәселелерді шешуге комиссияның мүмкіншілігі болар деп аманаттайды. Сонымен қатар, ғалым кезкелген әліпбидің тағдыры, тілде атқаратын қызметі, жазу емлесіне тікелей қатысты екенін айта отырып, қазақ тілі үшін латын графикасын қабылдаумен қатар, бұл мезгілде оның емле ережелерін де дайындау қажет екенін нақты көрсетеді. «Өйткені, әліппенің жаны, өмірі, барлық мүмкіншілігі тек емле арқылы ғана айқындалады. Латын әліппесінің басты бір қасиеті емленің дыбыстық (фонетикалық) принципіне сай және сөйлеу тіліміздің өзіндік ерекшеліктерін толығырақ бере алуында. Бұл да ескерілетін маңызды мәселе» [8, 35] деп емлеге қатысты сөзін қорытады. Академиктің қазақ мемлекеттік ұлттық жазуын жасаудың маңыздылығын терең түсініп, бұл жазудың заман талабына сай латын графикасына негізделгені жөн екенін ұсынады.

Қазақ мемлекеттік ұлттық жазуын жасауда Ақымет Байтұрсынұлы әліпби жасауда жүрген жолы мен қағидаларын ұстансақ, жақсы әліпби шығары сөзсіз. Және емле мәселесі де мұнда тыс қалып қоймауы шарт. Сонымен Ақымет Байтұрсынұлының әліпби жасауда өткен үш сатысының алғашқысы, яғни қолданыстағы әліпбидің кемшіліктері академик Әбдуәлі Қайдардың ашық хатында түсіндіріліп, жөнімен орындалып қойған екен. Келесі саты – жазу тәртібін реттеу: қазақ дыбыстарына латын графикасынан әріптер арнау; «Бір дыбыс – бір әріп» қағидасын ұстану; әліпбиді басы артық таңбалардан арылту; әліпбидің Ақымет Байтұрсынұлының атаған төрт сипаты талабына сай болуы; жазудың дұрыс не бұрыстығын ажырататын лайықты емле жасау; нәтижесінде әліпби мен емлелерді, оларды үйрету әдістемелері де Ақымет Байтұрсынұлы жолымен оқу құралын жасау.

Екінші сатыдағы жұмыс толық шешімін таба қойған жоқ. Дегенмен де, үшінші сатыдағы іс те жүзеге асуда.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мақалада қазақ мемлекеттік ұлттық жазуын жасау жұмысының қазақтың алғашқы ұлттық жазуының жасалу жолымен көрсеткенде қай деңгейде тұрғанын, қалай жылжуға керек екені сөз болды. Алғашқы қазақ ұлттық әліпбиінің реформаторы Ақымет Байтұрсынұлының әліпби жасаудағы ұстанымдары мен істеген ерен еңбектері зерделенді.

Екі ғасырда да көтерілген мәселе – қазақтың өзінің ұлттық жазуын қалыптасыру. Ол үшін ең алдымен қолданыстағы әліпбидің кемшіліктерін толық білу маңызды. Екіншіден, жазу тәртібін реттеу: қазақ дыбыстарын дұрыс таңбалау, яғни әліпбиді жасау маңызды. Әліпбиді басы артық таңбалардан арылту; жазудың дұрыс не бұрыстығын ажырататын лайықты емле жасау; нәтижесінде әліпби мен емлелерді, оларды үйрету әдістемелері де Ақымет Байтұрсынұлы жолымен оқу құралын жасау да үлкен жауапкершілік пен қазақ тіліне деген адалдықты талап ететін ауқымды жұмыс. Академик Әбдуәлі Қайдар Ақымет Байтұрсынұлы жолымен бастап берген іс ендігі тілші ғалымдармен жөнімен бітеді деп күтілуде. Жаңа қазақ ұлттық әліпбиі Ақымет Байтұрсынұлы жолымен жасалынса, ғалымның жақсы әліпбиге қойған талаптарына сай келсе, қазақ тілінің заңдылығына бағынса қазақ тілінің сәйкесінше қазақ мемлекетінің қазірі мен болашағы жарқын болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру бойынша Үкіметке берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қазандағы N 1025 Қаулысы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 800 қаулысымен
- 2 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.
- 3 Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия туралы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 14 қарашадағы № 153-ө өкімі. *Kazakh tili alipbiin latin grafikasyна koshiru jonindegi ulttyk komissiya turaly, Kazakhstan Respublikasy Prem'er-Ministrinin 2017 jylgy 14 karashadagy № 153-o okimi.*
- 4 Жүнісбек Ә. Төл әліпби – төл жазу мәселелері. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Алматы: Дайк-Пресс, 2017ж. – 232 б.
- 5 Байтұрсынұлы А. Жазу тәртібі. Айқап. №4-5
- 6 Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліпбиін жақтаған баяндамасы // «Әліппеайтысы». – Қызылорда: Қаз. мем. бас. 1927
- 7 XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 2-кітап. Құраст. О. Жұбаева. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018. – 720 б.
- 8 Қайдар Ә. ТІЛ – ҒҰМЫР. Ғылым мақалалар жинағы. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018. – 352 б.

Материал 21.05.2021 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 On measures to implement the instructions given by the President of the Republic of Kazakhstan to the Government at the XII session of the Assembly of Peoples of Kazakhstan to further improve the state language policy. Resolution by Government of the Republic of Kazakhstan No. 1025 of October 28, 2006, Canceled by the Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated September 28, 2015, № 800.
- 2 Strategy "Kazakhstan-2050" is a new political direction of the established state. President of the Republic of Kazakhstan NAZARBAYEV'S address to the people of Kazakhstan, Astana, December 14, 2012
- 3 About the National commission on transfer of the Kazakh alphabet to Latin script, the disposal of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan from November 14, 2017 № 153-d
- 4 Zhunusbek A. Original alphabet – problems of original writing. Institute of Linguistics named after A. Baitursynov. Almaty: Dyke Press, 2017. – 232 p.
- 5 Baitursynuly A. The order of writing. Aikap №4-5
- 6 Baitursynuly Akhmet's report in support of the Arabic alphabet // "Alphabet discussion". - Kyzylorda: Kazakh State University. 1927
- 7 Research on the Kazakh language in the early twentieth century. Book 2. Compilation. O. Zhubayeva. - Astana: Alashorda Public Foundation, 2018. – 720 p.
- 8 Kaidar A. LANGUAGE-LIFE. Collection of scientific articles. – Almaty: Institute of Linguistics named after A. Baitursynov, 2018. – 352 p.

Новый казахский национальный алфавит по пути Ахымета Байтұрсынұлы

А.Б. Салқынбай¹, Ұ.Ұ. Анарбекова¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан

Исторически казахский национальный алфавит был впервые создан в 1912 году. До этого казахский народ веками использовал арабскую графику. В начале XX века казахский

просветитель, реформатор казахской письменности Ахмет Байтурсынулы, понимая, что использовавшаяся в то время письменность не может точно отражать естественные законы казахского языка, в 1912 году написал свой труд «Тіл-құрал (Язык-инструмент)». Этот алфавит был назван «первым казахским национальным алфавитом».

Спустя столетие казахский народ вернулся к вопросу создания казахского национального алфавита. На этот раз ожидается, что вопрос найдет положительное решение для светлого будущего страны. Причина в том, что Республика Казахстан – суверенная страна, которая никому не подчиняется, как это было столетие назад. В 1993 году тогдашний президент Международного общества казахского языка, академик Абдуали Кайдар, после обсуждения с казахстанскими лингвистами и учеными, написал открытое письмо президенту с предложениями о переводе казахской письменности на латиницу. 14 ноября 2017 года была создана Национальная комиссия по переводу казахского алфавита на латиницу. На рассмотрение вынесены различные проекты алфавита. Однако точная версия алфавита еще не утверждена.

В данной статье рассматриваются пути создания первого казахского национального алфавита, созданного основоположником казахского языкознания Ахметом Байтурсынулы. Также будут рассмотрены основные причины и предложения по переходу на латинь, указанные в открытом письме Президенту. Процесс перехода на латиницу будет изучаться.

Материал поступил в редакцию журнала 21.05.2021

New Kazakh national alphabet following Akhymet Baytursynuly's way

A.B. Salkynbay¹, U.U. Anarbekova¹

¹Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan

Historically, the Kazakh national alphabet was first created in 1912. Before that, the Kazakh people had been using Arabic script for centuries. At the beginning of the twentieth century, the Kazakh enlightener, reformer of the Kazakh script Akhymet Baitursynuly, realizing that the writing that used at that time could not accurately reflect the natural laws of the Kazakh language, wrote in 1912 his work “Language-tool”. This alphabet was named “the first Kazakh national alphabet”.

A century later, the Kazakh people returned to the issue of creating the Kazakh national alphabet. This time, the issue is expected to find a positive solution for the bright future of the country. The reason is that the Republic of Kazakhstan is a sovereign country that is not subject to anyone as it was a century ago. In 1993, the then President of the International Kazakh Language Society, Academician Abduali Kaidar, after discussions with Kazakh journalists and scholars, wrote an open letter to the President with proposals on the transition of the Kazakh script to Latin script. The National Commission for the translation of the Kazakh alphabet into Latin script was established on November 14, 2017, and various alphabet projects were submitted for consideration. However, the exact version of the alphabet has not yet been approved.

This article examines the ways of creation of the first Kazakh national alphabet, created by the founder of Kazakh linguistics Akhymet Baitursynuly. The main reasons and proposals for the transition to Latin, as indicated in an open letter to the President, will also be considered. The process of transition to Latin script will be studied.

Received: 21.05.2021